

## Экономиканы тұрақтандырудың жалпыреспубликалық бюджеттен тыс қоры туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1991 жылғы 30 тамыздағы N 507

Бөлшек сауда бағасы реформасын және халықты әлеуметтік

қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға байланысты Қазақ ССР Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Экономиканы тұрақтандырудың 1991 жылға арналған жалпыреспубликалық бюджеттен тыс қоры құралу жөнінен N 1 қосымшаға сәйкес 5665308 мың сом мөлшерінде анықталсын.
2. Экономиканы тұрақтандырудың жалпыреспубликалық бюджеттен тыс қоры қаржыларын олардың пайдалану бағыттары бойынша 1991 жылы жұмсау мөлшері N 2 қосымшаға орай бекітілсін.
3. Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің "Экономиканы тұрақтандырудың жалпыреспубликалық бюджеттен тыс қоры туралы" 1991 жылғы 29 наурыздағы N 206 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Премьер-министрінің  
орынбасары